

Акционерлік қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану және халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 218 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 8 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2431. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 417 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 417 қаулысымен .

-----Қаулыдан үзінді-----

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Акционерлік қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану және халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 218 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2431 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді...

Т ө р а ғ а

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қ а у л ы е т е д і :

1. Акционерлік қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану және халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Ашық халықтық акционерлік қоғам мәртебесіне ие болу және күшін жою тәртібі туралы" 1999 жылғы 4 ақпандағы N 22 қаулысының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 684 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналының 1999 жылғы наурыздағы N

3 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының "Акционерлік
қоғамды халықтық акционерлік қоғам
деп тану және халықтық акционерлік
қоғам мәртебесінің күшін жою
ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы
4 шілдедегі N 218 қаулысымен
бекітілген

Акционерлік қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану және халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою ережесі

Акционерлік қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану және халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою ережесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабына сәйкес әзірленді және акционерлік қоғамды (бұдан әрі - қоғам) халықтық акционерлік қоғам деп тану, сондай-ақ халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою тәртібін айқындайды.

1. Қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тануды және халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жоюды бағалы қағаздар рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) қоғамның өтініші негізінде не қоғамның меншік капиталының мөлшері және акционерлерінің саны туралы уәкілетті органда бар ақпарат негізінде жүргізеді.

2. Уәкілетті орган қоғам ұсынған мынадай құжаттар негізінде қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп таниды:

1) қоғамның меншік капиталының мөлшері және оның акционерлерінің саны туралы мәліметтер бар өтініш;

2) құжаттар беруден бұрын қоғамның соңғы қаржы жылына және соңғы айдың аяғына қаржылық есебі;

3) уәкілетті органға құжаттар ұсынатын күннен бұрынғы күнгі жағдай бойынша қоғам акционерлерінің саны туралы оның тіркеушісінің анықтамасы.

3. Уәкілетті орган осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде қарауға тиіс.

4. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттардың пакеті толық берілмеген жағдайда уәкілетті орган осы Ереженің 3-тармағында белгіленген мерзімде қоғамға оны акционерлік қоғам деп танудан жазбаша бас тарту жібереді.

5. Уәкілетті орган қоғамның меншік капиталы мөлшерінің және акционерлер санының Заңның 1-тармағындағы талаптарға сәйкестігі туралы өзінде бар ақпарат негізінде оны халықтық акционерлік қоғам деп тануға құқылы.

Уәкілетті орган жоғарыда көрсетілген ақпаратты растау мақсатында осы Ереженің 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоғамнан сұратады.

6. Қоғам ұсынған құжаттар Заңның 4-бабы 1-тармағының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп таниды.

7. Қоғам уәкілетті органның оны халықтық акционерлік қоғам деп тану туралы шешім қабылдағаны жөнінде хабарлама алғаннан кейін, қоғам акционерлердің келесі жиналысында жарғыға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдайды.

8. Халықтық акционерлік қоғам уәкілетті органға Заңның 4-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайлардың кез келгені басталған сәттен бастап, осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге, өзінің халықтық акционерлік қоғам мәртебесі күшінің жойылғаны туралы хабарлайды.

9. Заңның 4-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың басталуы туралы ақпарат болса және қоғам мәртебесін жою туралы өтініш бермесе, уәкілетті орган қоғамнан осы Ереженің 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды сұратады.

Қоғам мұндай ақпаратты растаған жағдайда, уәкілетті орган қоғамның халықтық акционерлік қоғам мәртебесін жою туралы шешім қабылдайды.

10. Уәкілетті орган қоғамның халықтық акционерлік қоғам мәртебесін жою туралы шешімді осы Ереженің 8 және 9-тармақтарында көзделген ақпаратты алған күннен бастап отыз күн ішінде қабылдайды.

11. Қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану туралы немесе қоғамның халықтық акционерлік қоғам мәртебесін жою туралы шешімді уәкілетті органның Директорлар кеңесі қабылдайды.

12. Уәкілетті орган қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану туралы немесе қоғамның халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою туралы шешім қабылдаған күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган шешімнің көшірмесін осы қоғамға, оның тіркеушісіне, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыға және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қауымдастығына жібереді.

13. Қоғамды халықтық акционерлік қоғам деп тану туралы немесе халықтық акционерлік қоғам мәртебесінің күшін жою туралы мәліметтер Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілуге жатады және Интернет желісіндегі уәкілетті органның ресми сайтына орналастырылады.

14. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге жатады.